



Махамбет университетінде 14 наурыздан басталған Наурыз мерекесі апта бойы жалғасты. Ұлыстың ұлы күнін мерекелеу аясында «Қош келдің, өз Наурызым, күн көктемім!» атты мерекелік концерт өтті.

Наурыз – ынтымақ пен ырыс, бірлік пен береке, мейірімділік пен татулық сынды ізгі қасиеттерді дәріптейтін мереке. Осы мерекеде дәстүр бойынша ұлтымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, ұлттық ойындары мен киімдері насихатталып, әсем ән әуелеп, күмбірлеген күй шертіліп, қариялар ақ батасын беріп, ақтан дәм ұсынылып, наурыз көже таратылды. Ұлтымыздың ұлық мерекесін ұлықтайтын Наурыз мейрамы университет ұжымының жаңа жылдық мерекелік кешімен жалғасын тапты.



*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ардақты оқытушылары, ғалым-ұстаздарды мақалаттарымен шын жүректен ҚҰТТАҒЫҚТАЙМЫЗ!*

Биология ғылымдарының докторы, биология және экология кафедрасының профессоры - **Дарбаева Талшын Есенамановна Ыбырай Алтынсарин атындағы** тәсбелгімен марапатталады.

Педагогика ғылымдарының докторы, дәстүрлі музыкалық орындаушылық өнер кафедрасының профессоры - **Ержанов Махамбет Ержанұлы**, Филология ғылымдарының докторы, қазақ филологиясы кафедрасының доценті **Хасанов Ғабит Қайыржанұлы**, Филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы кафедрасының доценті **Мутиев Зейнолла Жақсылықұлы** «Қазақстан Республикасының ғылым саласына дамытуға қосқан үлесі үшін» тәсбелгісімен марапатталады.

## «Қош келдің, өз Наурызым, күн көктемім!»



## Жаңа күнмен көрісу

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 14 наурыз – Көрісу күні мерекесі кеңінен аталып өтілді.

Бұл мерекені атап өту университетімізде дәстүрге айналған. Наурыз мерекесінің басы саналар бұл мейрам, адамзатты адамгершілікке, бауырмалдыққа, туыстыққа, кішіпейілділікке шақырар тағылымымен ерекшеленеді. Университетімізде тойланған бұл мерекеде жастарымыз үлкендерге көрісіп, «бір жасыңызбен» айтып, тілектерін жолдап, қарияларымыз баталарын берді. Мерекелік шара көрісу күнінің өзіндік ерекшелігін көрсететін театрландырылған қойылымдар қойылып, мерекелік концертке ұласты. «Жасампаз жылымыз жақсылығымен жалғасып, ізгілігімен нұрлансын, елімізден береке, басымыздан бақ кетпесін. Көрісуден көрісуге, жылдан жылға аман-есен жетіп, нұрлы қалпымызбен қауышуға жазсын» деген ақ тілек, баталармен Көрісу күніне арналған мерекелік шаралар ер факультетте жалғасын тапты.



# Проект «Музейстар - 2019»

14 марта в Западно-Казахстанском областном краеведческом музее состоялась церемония открытия проекта «Музейстар - 2019», посвященного Году молодежи, в рамках программы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Главы государства Н.А.Назарбаева. Целью проекта является ознакомление общественности с высшими и средними учебными заведениями Ак Жайык с акцентом на молодежные образовательные учреждения в регионе.




Ежемесячно в выставочном зале ЗКОМ для жителей и гостей Уральска будет представлена выставка, посвященная лучшим учебным заведениям региона, с выставкой «Образованная молодежь - будущее страны». Проект, начиная с сегодняшнего Корису-айта, продлится до 13 декабря. Западно-Казахстанский государственный университет имени М. Утемисова первым принял участие среди семи учебных заведений. На открытии мероприятия выступали начальник управления культуры ЗКО Кадырболат Мусағалиев, руководитель проекта «Рухани жаңғыру» Салтанат Туманбаева, ректор университета Серғалиев Нурлан Хабибуллович. Кадырболат Кабдырулы объяснил значение и важность праздника, а Салтанат Аскарвна

выразила надежду, что в этом году молодежная работа будет плодотворной. Ректор ЗКГУ пожелал собравшимся успехов и подарил музейному фонду красивую картину. Он также получил благодарственное письмо от Управления культуры ЗКО. После концерта гости посетили кабинет экспонатов.

Экскурсовод музея рассказала о первых зданиях, построенных в Уральске, и об истории первого учебного заведения не только в нашем регионе, но и в республике. Среди экспонатов в музее - различные украшения, платья и предметы быта, сделанные студентами университета.

Подготовлено 6 стендов, отражающих историю каждого факультета, его достижения.



## «ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ-НЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Үстіміздегі жылдың 26 наурызы күні М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің акт залында «ауылдық квота» шеңберінде және мемлекеттік білім тапсырысы негізінде білім алып жатқан бітіруші курс студенттері мен магистранттарының «Қаржы орталығы» АҚ-ның өкілімен кездесуі ұйымдастырылды.

Кездесудің басты мақсаты – оқуды бітірген соң міндетті жұмыс жасап өтеу бойынша ҚР «Білім» туралы Заңының және басқа да нормативтік құқықтық актілердің нормалары туралы бітіруші түлектерге жан-жақты толық ақпарат беру және түсіндіру. Кездесуге университетіміздің барлық факультеттерінің «ауылдық квота» шеңберінде және мемлекеттік білім тапсырысы негізінде білім алып жатқан бітіруші курс студенттері мен магистранттары қатысты. Шараға Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қаржы орталығы» АҚ-ның әлеуметтік

жобалар мониторингі департаментінің маманы Серікқали Ақзира Серікқалиқызы арнайы қатысты. Кездесуде сөз алған Серікқали Ақзира бітіруші түлектерге оқуды бітірген соң міндетті жұмыс жасап өтеу бойынша ҚР «Білім» туралы Заңының және басқа да нормативтік құқықтық актілердің нормалары туралы жан-жақты толық ақпарат берді. Кездесу барысында бітіруші студенттер мен магистранттар аталған мәселелер бойынша өз сұрақтарын қойып, оларға жауаптар алды. Кездесу пікірталас, диалог, сұрақ-жауап түрінде өтті.

## «Жастарға жұмыс» бос орындар жәрмеңкесі

2019 жылдың 29 наурызы күні Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрында Орал қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы мен Батыс Қазақстан облыстық және Орал қалалық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының бірлесе ұйымдастыруымен жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітіруші түлектерге, жұмыссыз жастарға және өзге де санаттағы жастарға арналған бос орындар жәрмеңкесі өтті.



## ЖАҢАЛЫҚТАР НОВОСТИ

■ 6 наурыз күні М.Өтемисов атындағы БҚМУ-дың студенттік өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен БҚО ЖОО-лардың студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының арнайы қатысуымен Көрісу мерекесіне орай «Kazakh party» шарасы өтті. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін Көрісу күнінен мерекелеуді дәстүрге айналдырған БҚМУ жастары аталған шарада мерекелік дастархан жайып, ұлттық өнерді насихаттап, ақжарма тілектерін жолдады.

■ 12 наурыз күні Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдығына және республикалық «Қыз Жібек» қыздар клубының құрылғанына 6 жыл толуына орай 9 университет арасында онлайн конференция өткізілді. Ең алғаш ҚМҚПУ-де құрылған клубтың республика бойынша барлық университет студенттерінің басын біріктіріп, инабатты да ибалы аруларымыздың тәрбиеленуіне үлес қосып жатқандығы көз қуантады. Біздің М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ұйым ретінде тіркеліп, А.Бақтыгерееваның қолдауымен бүгінгі күнге дейін жұмысын атқарып келеді. Тікелей түсірілім арқылы ел көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар бағаланып, тәжірибелермен бөлісті.

■ 18 наурыз күні педагогика және психология мамандығы бойынша білім алып жатқан 1курс студенттері және кураторы Байғалиева Жадыра Гарифуллаевнаның ұйымдастыруымен Орал қаласы «Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы мектеп-интернат кешенінің» 9-сынып оқушыларына арнайы мереке алды концерттік бағдарлама өткізілді. Концерт барысында көңілді ойындар ойнатылып, ән айтылып, би биленді. Қонақ болып келген талантты оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, тәтті сыйлықтарға ие болды. Концерт соңында сөз алған тәлімгерлер студенттерімізге үлкен алғысын білдіріп, бастамаға сәтті қадам тіледі.

■ Батыс Қазақстан облысының университеттері арасында өткен лига жарысында тоғызқұмалақ спорты бойынша студенттеріміз Кенжеғалиев Бектас дене шынықтыру және спорт мамандығының ФКС-35 тобының студенті Сағынбаев Жарасхан, дене шынықтыру және спорт мамандығының ФКС-17 тобының студенті Болысбай Сандуғаш, дене шынықтыру және спорт мамандығының ФКС-13 тобының студенті Ерниязова Ализа, дене шынықтыру және спорт мамандығының ФКС-12 тобының студенттері жекелей және командалық есеп бойынша жеңімпаз атанды. Жаттықтырушысы Бекбаев Сатыбалды Шамранұлы. Команда жетекшісі Абдрахманов Ибраим Саматұлы.

■ Тарих мамандығы бойынша XI Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысу үшін делегациямен барып, студенттердің білім деңгейін көтеру, оларды зерттеу жұмыстарына тарту, жоғарғы білім деңгейін қалыптастыру мақсатында жемісті ынтымақтастық көрсеткен «Ориентир Запад» командасы, Қунашев Дамир, Есенова Наргиз, Бикешев Арман 3 курс студенттері, топ жетекшісі Жалекенова Гүлбарам Тілеккабыловна және университетіміздің ректоры Нұрлан Хабибуллович Алғыс хатпен марапатталса, Қунашев Дамир 2-орын иегерлері атанды.

■ Университетіміздің Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс студенті, педагогика факультетінің белсенді студентінің бірі, қазіргі таңда академиялық ұтқырлық бойынша Ақтау қаласы Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінде білім алып жатырған Орынбасаров Нұрбергенді «Жылдың үздік студенті» атануымен және төсбелгісімен шын жүректен құттықтаймыз. Алдағы уақытта биік белестерді бағындыратыныңызға сенеміз.

Шараның мақсаты – жастардың жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту, жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру, жастарды мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңінен ақпараттандыру.

Сонымен қатар, шара барысында «Дипломмен ауылға!», «Жастар тәжірибесі», «ZhasProject» бағдарламалары, кәсіп ашу, тұрғын үйге қол жеткізу мүмкіндіктері, электрондық еңбек биржасы тақырыптары бойынша және «Soft Skills» семинар-тренингтері ұйымдастырылып, тегін кеңес беру бұрышы жұмыс жасады.

Бос орындар жәрмеңкесінде облысымыздың ірі өндіріс ошақтары мен кәсіпорындары, Орал қаласы мен аудандық мемлекеттік мекемелері (денсаулық сақтау, білім, мәдениет және спорт салалары және ЖОО, АОО оқу орындары, т.б.) 45-тен астам мекеме 800-ге жуық бос жұмыс орындарын ұсынды.

Осы қатардан М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті де көрінді. Университеттің Мансап орталығы болашақ түлектерге бос жұмыс орындарын таңдауға көмектессе, жоғарғы оқу орнынан кейін білімін жетілдіремін дегендерге магистратура ережелері мен мүмкіндіктері ашып түсіндірілді. Жалпы саны 1000-нан асқан келуші болды.



## «Нұр-Сұлтан – менің Елордам» атты Батыс Қазақстан облысының жастар форумы



25 наурыз күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың, Тұңғыш Президент-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімін ұлықтау мақсатында Астана қаласының атауы «Nur-Sultan» деп өзгертуге байланысты Батыс Қазақстан облысының жастарының форумы өтті.

Бұл форумға университетіміздің студенттері қатынасып, бұл бастаманы қолдайтындарын жеткізді. Кеш барысында университетіміздің ұстазы, п.ғ.д., профессор, Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы сөз алды. Университет атынан бұл бастаманы қолдайтынын, сонымен қатар, еліміздің даму жолындағы игі бастама екені туралы ойын айтты. Оқу орнымыздың студенттері мен облысымыздың жастары бұл бастаманы қолдайды!

## Соглашение с Enago

В рамках своей научно-исследовательской деятельности Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова (ЗКГУ) заключил соглашение с компанией Enago — ведущим поставщиком услуг по редактированию научных работ на английском языке для глобального научно-исследовательского сообщества. ЗКГУ получит преимущества быстрого доступа к первоклассным услугам по научному переводу и редактированию от Enago.

Руханият

## Ата-анаға мың алғыс!



## «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі болып – Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы сайланды

Астанада Мемлекет басшысы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен партияның кезекті XVIII съезінде партияның 2030 жылға дейінгі «Бақуатты қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты» атты жаңа бағдарламасының қабылдануымен айшықталған болатын. Аталған құжатта Елбасының елімізді жан-жақты жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыруға партияның қосатын нақты үлесі мен жұмысы көрсетілген.

Осы үлкен белесті бағындырар жолда партияның Саяси Кеңесі мен Бюросының құрамы жаңартылған болатын. Республика бойынша тағайындалған 100 партия мүшесінен тұратын «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі боп Батыс Қазақстан облысы бойынша университетіміздің ректоры, б.ғ.к., қауымдастырылған профессор Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы сайланды. Саяси кеңес партияның жоғары өкілдік органы. Оның өкілеттігіне партия Съезінің шешімдерін орындау бойынша партия органдары қызметінің негізгі бағыттарын анықтау, партияның қатысуымен болатын сайлау кампанияларына қатысты мәселелерді қарау, партия атынан саяси мәлімдемелер мен үндеулерді қарау және енгізу, қалыптасқан қоғамдық қатынасқа байланысты партияның ұстанымын анықтау, партия Төрағасының ұсынысы бойынша өз құрамынан партия Саяси кеңесінің Бюро мүшелерін сайлау, партия Съезін шақыру, олардың күн тәртібін қалыптастыру, партияшілік талқылауларды өткізу туралы шешім қабылдау, оларды өткізуді ұйымдастыру және қорытындылау, партия съезінің ерекше құзіретіне қатысы жоқ партия қызметіндегі басқа да мәселелерді шешу кіреді. Партия Саяси кеңесінің өкілеттік мерзімі – 4 жыл.

Enago будет предоставлять услуги по подготовке рукописей для ученых ЗКГУ. Благодаря этому взаимовыгодному сотрудничеству ученые ЗКГУ значительно повысят шансы на публикацию своих работ в известных международных научных журналах.

Это партнерство имеет большое значение как для университета, так и для компании Enago. С тремя уровнями поддержки, которая включают в себя академический перевод, издательскую подготовку и научно-техническое редактирование, команда специалистов Enago в различных предметных областях поможет ученым и авторам ЗКГУ подготовить их работы в соответствии с самыми строгими стандартами, необходимыми для принятия и публикации этих работ в журналах. Кроме скидки на услуги, авторы университета получают доступ к Научным ресурсам на портале, созданным компанией Enago специально для ЗКГУ.

В рамках соглашения ЗКГУ будет продвигать услуги Enago для авторов среди своих исследователей из числа преподавателей и сотрудников университета, а также публиковать информацию о сотрудничестве на своем веб-сайте, внутренних платформах, в новостях, блогах и социальных сетях.

Көктемнің алғашқы мерекесі Алғыс айту күнінің еліміз үшін маңызы зор. «Мейірімді көктем» акциясы аясында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың ғылыми кітапханасы ұжымы Алғыс айту күніне орай «Ата-анаға мың алғыс» атты кездесу кешін ұйымдастырды.

Аталмыш шараға көп балалы аналар М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың шет тілдері кафедрасының оқытушы магистрі Габдешева Астра Ерсайынқызы, экономика және менеджмент кафедрасының оқытушысы Тұр尼亚зова Ақмарал Қонысқызы, университетімізде тазалықты сақтауға зор үлесін қосып, қызмет жасап келе жатқан Абдешева Айсұлу Садырегенқызы, Мунасова Гүлнәр Амандыққызы, қауіпсіздік қызметкері, көп балалы әке Қарғабаев Бейбіт Уахитұлы қатысты. Кеш барысында студенттер өз сұрақтарын қойып, қонақтарымыз отбасылық өмірдегі қызықты да, қиын сәттерімен бөлісті. Филология факультетінің 2-курс студенті Кінәмә Ернұр «Ана туралы жыр» өнімен кеш қонақтары және студенттермен бірге әуелете отырып кештің сәнін келтірді. Кешті қорытындылау келе, М.Өтемісов атындағы БҚМУ кәсіподақ ұйымының төрағасы Сулейменов Мерген Қуанышұлы бүгінгі мерекемен құттықтап, алғысын білдіре отырып, кеш қонақтарына сыйлықтар ұсынды.



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, «БҚМУ «Ақиқат» пікір-талас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің қолдауымен, педагогика факультеті, мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының ұйымдастыруымен Жастар жылына орай педагогика факультетінің кубогына арналған университетшілік пікірсайыс турнирі өткізілді.

## Педагогика факультетінің кубогі кімге бұйырды?

Турнирге әр факультеттен 2 фракциядан қатысты. Турнир нәтижесі бойынша ұтымды пікірлерімен ерекшеленіп, үздік нәтиже көрсеткен «Kings» фракциясы (Орынбаев Ақжол, Жалмұқан Ерсұлтан - тарих экономика және құқық факультеті) I орын, «Шах и мат» фракциясы (Бекалиева Ригина, Алдабергенова Әсел - филология факультеті) II орын, «Кеттік, бәрін таста» фракциясы (Латифов Санжар, Ермекбаев Қобылан - жаратылыстану және география факультеті) III орын иеленді. «Креативті фракция» номинациясына (Талқанбаева Гүлім, Қабдиева Әлия – жаратылыстану-география факультеті) лайық деп танылса, «Үздік төреші» номинациясымен Әбдірәсіл Дина (филология факультеті) және «Үздік спикер» номинациясымен Алдабергенова Әсел (филология факультеті) марапатталды. Барша жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!



## Жеңімпаз кубогі Орал қаласында

Наурыз айының 29-31 күндері Павлодар қаласы, Павлодар мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен өткізілген республикалық пікірсайыс турниріне М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті филология факультетінің 3 және 1 курс студенттері, «Ақиқат» пікірталас орталығының мүшелері Оразхан Бағдат, Бекалиева Ригина, Амангелді Ермахан қатысты.

Еліміздің әр аймағынан қатысқан үздік 32 фракцияның ішінен Бекалиева Ригина және Амангелді Ермаханнан құралған «Мастер и Маргарита» фракциясы

жастар финалына өтіп, жүлделі 1-орын жеңіп алды! Білім мен біліктілікті, ой ұшқырлығы мен шешендікті талап ететін үздіктер сайысындағы жеңістеріңіз құтты болсын!

Наурыз айының 30 жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің тарих, экономика және құқық факультетінде, «Құқықтық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен Елбасының Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында және 2019 жыл «Жастар жастар жылы атануына орай, «Айбынды жастар – арайлы ел кепілі» атты I облыстық пікірсайыс турнирі өткізілді.

## «Айбынды жастар - арайлы ел кепілі»


Аталмыш турнирдің бас төрешілік қызметін «Ақиқат» ЖҚБ пікір-талас орталығының аға буыны Жалмұқан Ерсұлтан атқарды. Турнирге жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері қатысты. Жалпы есеп бойынша 28 фракция, 56 спикер, яғни, 8 клубтан келген пікірсайысшылар бақсынасты. Атап айтсақ: «Ақиқат ЖҚБ» (БҚМУ), «Рух» (БҚАТУ), «Ұлағат» (Педагогикалық колледж), «Текті Ұрпақ» (БҚИТУ), «Алаш» (БҚИТК), «Алаң» (Евразия), «БҚИТУ» педагогикалық факультеті. «Time кеерер». Турнир қорытындысы бойынша жүлделі 1 орынды

«Достық-Дружба» фракциясы (Орынбаев Ақжол БҚМУ студенті, Саденова Жанайым, БҚАТУ студенті), II орынды «Поворот не туда» фракциясы (Кенжеғалиев Темірлан, Ермекбаев Қобылан), III орынды «Уроборос» фракциясы (Абатов Ханәбіл, Бақытжанова Алтынай) иеленсе, ал «Үздік спикер» номинациясын Сарымсақов Айымбек «Үздік төреші» номинациясын Шайқы Ақерке иеленді. Жеңімпаздар арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жеңімпаздарды шын жүректен ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## Ұлы даланың жасампаз жастары

Наурыз айының 26-жұлдызында физика-математика факультетінің математика мамандығының 1 курс студенттері мен топ кураторы Урынбаева Ляззат Ибрагимовнаның ұйымдастыруымен «Ұлы даланың жасампаз жастары» атты дебат пікірталас сайысы өткізілді.

Осы сайысқа қонақ болып физика және математика факультетінің зам. деканы Закариева Заруэт Алмазовна келген болатын. Бұл пікірталас сайысы «Ұлттық кодты сақтап қалудың басты элементі-тіл» тақырыбына қатысты өткізілді. Бұл



## «БИОЛОГИЯ» пәні бойынша олимпиада

Жаратылыстану-география факультеті, биология және экология кафедрасының кәсіптік бағдар беру және кафедра филиалдарының 2018-2019 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес, 2019 жылдың 1 наурыз күні Орал қаласы мен жақын маңдағы орта мектептерінің 11 сынып оқушыларының арасында «Биология» пәні бойынша пәндік олимпиада өткізілді. Олимпиадаға қалалық және қала маңындағы 34 мектептен барлығы 67 оқушы қатысты.



Олимпиаданың қазылар алқасының құрамы факультет деканының өкімімен бекітілді. Қазылар алқасының төрайымы а/ш.ғ.к., доцент Рустенова Р.М., мүшелері аға оқытушы, магистр Джангазиева Б.Ж., оқытушы, магистрлар Сарсенова А.Н., Кабаева С.М. болып белгіленді. Олимпиада теориялық (тестілеу) және практикалық бөлімдерден тұрды.

Олимпиада нәтижесі бойынша жүлделі I орынды Орал қаласы №42 «Ақниет» гимназиясы 11 сынып оқушысы Гайсин Санжар иеленсе, II орынды АТ мектеп лицей интернаты оқушысы Батырова Әсел мен КЖОББМ оқушысы Кириллина Светлана, III орынды №38 мектеп лицей оқушысы Табаева Гаухар, АТ мектеп лицей интернаты оқушысы Жетисова Аязоз, №7 КГУ СОШ оқушысы Шапошников Даниил иеленді. №44 мектеп гимназиясы оқушысы Жуманова Дина, Эстетикалық бағыттағы мектеп гимназиясы оқушысы Уразғалиева Айдана, №42 «Ақниет» гимназиясы оқушысы Кубенова Дильназ алғаш хаттармен марапатталды. Барлық олимпиадаға қатысушы оқушыларға сертификат табысталды.

**М.Т. БЕРЛИГУЖИН,**  
кафедра филиалдарының  
жұмысына жауапты оқытушы

шара келешек жас ұрпақтың еліміздегі жастар мәселесіне назар аударту, өз көзқарасын айтуға машықтандыру, қоғамға деген көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыру және тіл үйренушінің сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған болатын. Осы пікірталас сайысында: «Ұлттық кодты не анықтайды?» деген сұрақтар қойылған болатын. Қойылған сұрақтарға әр топтың өзінің ойлары мына бағытта ашылды: Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шыңдалып, парасатпен шыраланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, мольнан қамтылған. Пікір сайыстың талаптары орындалып, өзектілігі сақталып, барлығы ойдағыдай өтті.



## «Игіліктің» марапатына ие болды

22 наурыз күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде тағы бір игілікті шара болып өтті.

Ел үшін еңбек етіп, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру жолында өнегелі істер атқарып жүрген ұстаз, университет жанындағы Рухани жаңғыру институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы мен Орал қаласындағы Арнайы мектеп-интернат ұстазы Әлмұханов Елтай Қуанышұлына «Игілік» журналының атынан марапаттау рәсімі өтті. Шараға журналдың БҚО филиалының директоры Алтынгүл

Төлеуқызы мен №10 мектеп ұстазы, Кавказ соғысының ардагері Нұрлыбек Саққазов қатысты. Ұлағатты ұстаз, ғалым Абат Сатыбайұлы өз кезегінде өзінің «Шешен сөйлей білеміз бе?» кітабы мен өзінің өнегелі өмірі туралы жазылған «Игілік» республикалық журналын табыс етті. Университеттің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Әсет Тасмағамбетов сөз сөйлеп, ұстаздарға көрсеткен құрметі үшін журнал ұжымына алғыс айтты.

## «Қыз сұлу көрінеді әдебімен...»

**Білектей арқасында өрген бұрым,  
Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын  
Көмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты  
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?**  
Абай.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де - біздің қазақ» - деген. Рухани тарихымыздың тарғыл беттерін парақтасақ, қазақ қыздары мен қазақ әйелдері, жалпы аналар әлемі туралы толғанбаған тұлғалар сирек. Қазақ қауымында қыз баланың орны ерекше болған. Ата - бабаларымыз қызды қонақ деп есептеген, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де инабатты, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Осы орайда 8 - наурыз халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Педагогика факультетінде» көптеген шаралар ұйымдастырылған болатын. Солардың бірі қыздарымыздың өнері мен тәрбиесін, білімі мен біліктілігін ұштау мақсатында ұйымдастырылған «Қыз сыны» байқауы. Бұл байқауға МДОТ-11,13 топ студенттері

қатынасты. Байқауға қатысқан аруларымыз «Мен қазақтың дара туған қызымын», «Өнерлі өрге жүзеді», «Ас адамның арқауы», «Оюлар сыр шертеді», «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» атты сайыс бөлімдері бойынша сынға түсті. Байқау нәтижесі бойынша «МДОТ аруы - 2019» аталымын МДОТ у-13 топ студенті Жақсыбаева Гүлханым, «Шебер ару» аталымын Ахашева Индира, «Өнерлі ару» аталымын МДОТ-11 топ студенті Борис Томирис, «Сымбатты ару» аталымын МДОТ-11 топ студенті Жантурина Самал, «Білімді ару» аталымын МДОТ-11 топ студенті Кашиева Нұрсұлу, «Көрермендер көзайымы» аталымын МДОТ у-13 топ студенті Мұхтарова Жанерке иеленіп, номинациялары бойынша марапатталды.

Қаракөздеріміз бұрымды шашымен, инабатты мінезімен, ақылдылығымен кіршіксіз арымен әрқашан басқалардан ерекшелене білгей. Ойымды түйіндей келе биылғы Елбасымыздың көпбалалы аналарға жасап жатқан бастамаларын қолдай отырып «Әйел - бесік иесі демек, әйелдің жайы түзелмей, бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей еліміз толық түзелмейді» - деген пікірімен қорытындылағым келіп отыр.

**Шырын Шағидолла,**  
МДОТ-1 курс студенті

## Бабамыздың мұрасы - өз Наурыз!

20 наурыз күні тарих, экономика және құқық факультетінің «экономика және менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы Янтурисина З.Ю. ұйымдастыруымен «Бабамыздың мұрасы – өз Наурыз» атты 1-3 курс студенттері арасында сайыс оздырылды. Шараның басты мақсаты Елбасының «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының аясында студент жастарға ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ырым-тиымдарын насихаттау арқылы олардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту.

Сайыс барлығы 6 кезеңнен тұрды. 1-кезең қазіргі таңда қолданысқа көп түспейтін терминдердің мағынасын түсіндіру. Бұл кезеңде екі команда да тең түсіп, көптеген көнерген сөздердің мағынасын аша білді. 2-кезеңде, әр командаға белгілі жағдаяттар бойынша сұрақтар қойылды. Сәйкесінше, студенттер ырым-тиымдарды дұрыс табу арқылы ұпайларын еселеді. 3-кезең бойынша топ басшылары билеттер суырып, берілген салт-дәстүрлердің мағынасын аша білуі қажет болды. Командалар әр дәстүрді нақты әрі толық түсіндіріп, әділқазылардың қосымша сұрақтарына да дұрыс жауап бере алды. 4-кезеңде жұмбақтар жасырылып, дұрыс табылған жауапқа қатысты мақал-мәтелдер айтылды. Келесі кезеңде әр команда ұсынылған ұлттық тағам түрінің дайындалу жолдарын

түсіндіруі қажет болды. Бұл кезеңде қыздар жағы ептілік танытып, әр тағамның құрамын және дайындалу тәсілдерін жақсы түсіндірді. Соңғы кезең бата берумен аяқталды. Осылайша, ойын қорытындысы бойынша екі команда да бір-бірінен қалыспай, тең дәрежеде сайысты аяқтады. Марапаттау кезінде әділқазы алқалары ойынның қызықты өткенін жеткізіп, ұйымдастырушы мен қатысушыларға ризашылықтарын білдірді.

**Альбина ЕЛЕУСИНОВА,**  
Тарих, экономика және құқық факультеті,  
«Экономика» мамандығының 2 курс студенті

Школа-вуз

## Итоги Декады русского языка и литературы

В этом учебном году отмечается 250-летие со дня рождения И.А.Крылова. В областной специализированной школе №8 для одарённых детей прошла Декада русского языка и литературы, посвящённая жизни и творчеству великого баснописца, оставившего огромный след в истории нашего края.

Во всех классах учителями русской литературы и библиотекарем школы Арыковой М.О. проведены тематические мероприятия. В 7 классе в рамках Декады учителем Тасеменовой Г.С. был проведён открытый урок «Обличение человеческих пороков в баснях Крылова». Класс был выбран в рамках Lesson Study, на уроке присутствовало 12 учителей-предметников, администрация школы. Следующим мероприятием стал конкурс чтецов по басням среди учащихся 5-9 классов. Гран-при удостоен ученик 7 класса Конев Яков, который декламировал басню «Свинья под дубом». В конкурсе иллюстраций к басням приняли участие ученики 5-7 классов. Были подготовлены рисунки к басням «Волк и Ягнёнок», «Мартышка и очки», «Любопытный», «Квартет», «Лебедь, рак и щука». В

рамках Декады велась подготовка учеников 6-7 классов к участию в областной марафоне выразительного чтения, проводимом библиотекой имени Х.Есенжанова. Хожантаева Алина готовит выступление кукольного театра, а ученики 7 класса инсценировку басни «Волк и Ягнёнок». Впереди традиционное школьное мероприятие, полюболюбившееся всем ученикам, родителям, учителям «Один класс - одна книга». Подготовка к нему ведётся кропотливая, для инсценировки ученики выбирают произведения разных жанров, разных авторов. Цель всех мероприятий: духовно-нравственное, патриотическое воспитание учащихся.

**Гульмира ТАСЕМЕНОВА,**  
учитель областной специализированной школы №8  
для одарённых детей

Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания

В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Глава государства отметил, что «само понятие духовной модернизации предполагает изменения в национальном сознании».

В рамках данной программы в стране повсеместно происходят изменения различного характера, охватывающие многие сферы и отрасли нашей страны. Проект «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» по общественным и гуманитарным наукам даёт четкое направление на то, чтобы дать новое качественное образование учащимся и всему подрастающему поколению, используя современные технологии и опыт развитых стран. Общественное сознание требует не только выработки принципов модернизации, но и конкретных проектов, которые могли бы позволить ответить на вызовы времени без утраты великой силы традиции. Под категорией «Индустрия 4.0» следует понимать направление «умное производство» - максимальную автоматизацию производства практически без участия человека. И предприятие должно быть к этому готово как с точки зрения сотрудников, поскольку переход на полную автоматизацию ведет за собой трансформацию производства и всех связанных с ним бизнес-процессов.

За 2017 год вышло немало книг о будущей нашей цивилизации, раскрывающих тайны современных технологий и возможных изобретениях в будущем. «Четвертая промышленная революция» Клауса Шваба стала настоящим бестселлером и своеобразным взрывом среди работ. Клаус Шваб известен миру как основатель и исполнительный председатель Всемирного экономического форума. В своем труде он рассказал о том, что у сегодняшнего человечества есть огромный шанс стать свидетелем четвертой промышленной революции, которая кардинально изменит жизнь современного населения планеты. По утверждению Клауса Шваба, основным отличием четвертой промышленной революции станет масштаб и невероятные трудности при внедрении новейших модернизаций. Какой станет четвертая революция? Почему именно революция? Революция представляет собой резкий и радикальный переход, скачок.

Первая промышленная революция выпала на период 1760-1840-х годов, техническим прорывом тогда стало строительство железных дорог, а главным изобретением - паровой двигатель.

Эпоха второй революции выпала на конец XIX века и продолжалась вплоть до начала XX века. Ее сопровождало масштабное внедрение электричества и конвейерного производства.

Третья промышленная революция по историческим меркам прошла «вчера». Выпала она на шестидесятые годы прошлого столетия. Ее принято называть «цифровой революцией», так как на этом этапе широкую популярность получили полупроводники и электронные вычислительные машины. Сегодня мы живем в переходный момент. Четвертая промышленная революция еще не началась, но изобретения предыдущей в использовании уже достигли своего пика. Когда же ждать эту революцию? Основываясь на экспертных данных, Клаус Шваб сделал предположение, что первой волной четвертой революции станет 2025 год. По утверждению автора, основным отличием четвертой промышленной революции станет масштаб и невероятные трудности при внедрении новейших модернизаций. Возможно, именно Казахстану будет проще в 2025 году. Так как к этому моменту наши сограждане привыкнут к постоянным изменениям и более гибко подыдут к вопросам совершенствования собственной жизни.

**Асель ЕГЗАЛИЕВА,**  
старший преподаватель  
ЗКГУ им.М.Утемисова



# «Келіндер ансамблі» көрерменге жол тартты

15 наурыз күні хореография және мәдени-тынығу жұмысы кафедрасы жанынан құрылған «Мұрагер» студенттік театрының «Жастар жылы» аясындағы жоспарына сай, драматург С.Балғабаевтың «Келіндер ансамблі» атты отбасылық мелодрамасының премьерасы өтіп, тағы да бір тамаша қойылыммен көрермен қауымды қуантты.



Қойылымның басты ролінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері Мамбетова Асель Иманғалиқызы «Режиссура» мамандығына дәріс бере жүріп, студенттермен бірге қойылымда ене ролін сомдады. Қойылым режиссері «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 4-курс студенті Тұяқ Мақсат, ал рөлдерде «Режиссура» және «Вокал» мамандығының студенттері: ұлы - Ерболатұлы Мейрамбек, келіні - Хамидуллина Динара, немере ұлы

- Абуов Ержан, немере келіні - Жолдығалиева Анар, немере күйеу бала -Ұзақбаев Бибарыс, немере қызы - Ерболатова Айнура ойнаса, көпшілік сахнасын бимен көркемдеген «Хореография» мамандығының 2-курс және «Режиссура» мамандығының 1-курс студенттері Жәдігерова Ару, Бекмашева Галина, Нұрқуат Дана көрермен ықыласына бөленді. «Мұрагер» студенттік театры қойған ерекше жаңа туындылар әлі де өз көрермендерін таң қалдырары сөзсіз.

Жуырда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасында көрнекті әнші, композитор, Қазақстанның Халық артисі Ғарифолла Құрманғалиевтің туғанына 110 жыл толуына орай «Әнім саған – туған жер» атты дәстүрлі әншілермен кездесу кеші өтті.

## Жыр жұлдыздары жауған күн

Кітапхана оқырмандары мен шақырулы қонақтарға Қатимолла Бердіғалиев, Күләш Қуанышқалиева, Армат Исламғалиев, Фархат Оразов сынды облысымызға танымал дәстүрлі ән өнерін, Ғ.Құрманғалиевтің ізін жалғаушы өнер жұлдыздары өнер көрсетіп, естеліктермен бөлісті. Әсем жырға сусындаған оқырмандар көңілі бір серпіліп қалды. Шараға мәдениет және өнер факультетінің «Кітапхана ісі» мамандығының студенттері қатысып қайтты.

Кеш барысында Қатимолла Жәңгірұлы әншімен кездескендегі сәтіммен бөлісті. Ол кісіден «Жарайсың!» деген мадақтау сөз естігенінің өзі бақыт екенін жеткізді.

Алдағы жыл шеңберінде әр ай сайын кітапхана өз оқырмандарын қуантпақ. Жаңа идеяларымен оқырмандарға ерекше дүниелер сыйламақ ниетте. Кітапхана қызметкерлері студенттерімізді аталмыш шарада бірге болуға шақырды.



Гүлзінат ҚИБАТОВА  
Мәдениет және өнер факультетінің 2-курс студенті

«Орал Жастар Көзімен» 15-16 наурыз аралығында М.Әтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих, экономика және құқық факультетінің ұйымдастыруымен, «Рухани жаңғыру» институтының қолдауымен облыстық мәдени-танымдық «Орал Жастар Көзімен» атты квест ойыны өткізілді. Ойынның басты ұйымдастырушысы – менеджмент мамандығының 3 курс студенті Төреғалиева Аймира. Бұл ауқымды шара жастардың Орал қаласының көрнекті де тарихи жерлерімен танысып, қала туралы білімдерін тереңдету мақсатында өткізілді.

Ойын ережесі бойынша 14 пен 29 жас аралығындағы қатысушылар Х.Бөкеева атындағы Қазақ драма театрынан арнайы паспорт алып, берілген мекен-жайлардан тапсырмаларды дұрыс орындау арқылы тиісті орындардың мөрлерін жинауы қажет болды. Ойын паспорттың барлығы 21 мәдени орталықтар мен мұражайлар көрсетілген. Ойын соңында қатысушылар жиналған мөрлердің санына қарай паспортты бағалы сыйлықтарға алмастырады.

Аталмыш шараның өтуіне Республика аумағында өз саласының үздіктері атанған демеушілер көмек көрсетті. Айта кетсек, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Х.Бөкеева атындағы Қазақ драма театры, «Fiesta» киім дүкені, «BarberShop», «Изумрудный город» кәдесый-жарнама компаниясы, «Kinoplexh Uralsk» кинотеатры және т.б. демеушілер қатары жеңімпаз қатысушыларға бағалы сыйлықтарын ұсынды.

Екі күнге созылған ойын қорытындысы бойынша 100-ге жуық қала тұрғыны қатысты. Облыстық деңгейде өткен ауқымды шараның салтанатты жабылу кеші «City Center» сауда орталығында өткізілді. Кеште университеттің «мәдениет және өнер» факультетінің жастары дайындаған концерттік бағдарламасы қойылып, кейін квестке қолдау білдірген демеушілерге алғыс хаттар табысталды.



2019 жыл – Жастар жылына орай өткізілген мәдени-танымдық квест ойынында көптеген қатысушылар, соның ішінде мектеп оқушылары мен студенттер ойын туралы оң пікірлерін қалдырды. Сонымен қатар, ойын барысында ерікті ретінде қызмет атқарған тарих, экономика және құқық факультетінің студенттері үшін де үлкен тәжірибе болды. Себебі, ауқымды шарада қатысушыларға танымдық әрі экскурсиялық жұмыс жүргізу арқылы еріктілерге үлкен жауапкершілік жүктелді. Қала мәдениеті мен тарихын зерделеп білуде аталмыш шара еріктілер мен қатысушылар үшін де үлкен көмегін тигізді.

1613 жылдан бастау алған Орал қаласының тарихы өзінің даму жолында бірнеше мәдени әрі тарихи жерлерді қалыптастырды. Сондықтан да, Жасыл қаланы тұрғындарға, әсіресе жас ұрпаққа танытуда осындай ірі шараның берері көп.

Альбина ЕЛЕУСИНОВА,  
Тарих, экономика және құқық факультеті,  
«Экономика» мамандығының 2 курс студенті



Денсаулық — тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі шырықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау — бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек, қателеспейміз. Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Тұңғыш Елбасының «Қазақстан – 2030» Жолдауындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі — «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл ауқаты» тармағында: «...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сай болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін» азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан білім беру салаларында жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған. Қазақстан азаматтарының денсаулығын



## БОЙДЫ ҒАНА ЕМЕС, ОЙДЫ ДА ТҮЗЕР ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ

нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы Елбасының Жолдауын Егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын алтын сүрлеу десе болады.

22 ақпан күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың педагогика факультетінде өткен апталық аясында Дзюдо

үйірмесінің қатысушыларына «Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы, спорт шебері Байенов А.Ш. ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өтті. Негізгі мақсат – студенттер мен оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, келешек университет түлектерін үлкен өмірге қанаттарын қатырып, дені сау азаматтар етіп аттандыру.

Ал үйірмеге қатысушы оқушыларға М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың артықшылықтары мен толағай табыстарға жетуде жас буынға жәрдемі көп орта екендігін көрсету. Сабақ барысында түрлі жаттығулар жасалып, өңгімелеу әдісі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Камеш ИСМАГУЛОВ,**  
еңбек сіңірген жаттықтырушы, доцент  
**Гадылхан ЖУМАГУЛОВ,**  
«Дене шынықтыру» кафедрасының оқытушысы

## Келелі ой – кемел жастан



2 наурыз күні Жастар жылына орай М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың филология факультетінің студенттері мен студенттік өзін-өзі басқару ұйымының жастары саясаттанушы, журналист, БҚО әкімінің аппараты басшысының орынбасары Жұмаділов Жарқын Түсіпбекұлымен кездесті.

Кездесу еркін форматта өтті. Студенттер мамандық таңдау туралы сұрақтарын қойса, Жарқын Түсіпбекұлы журналист болам дейтін, бұқаралық ақпарат саласында, мемлекеттік қызметте жұмыс жасағысы келетін жастарға осы салалардағы қызметтегі өз тәжірибесімен бөлісті. Әсіресе филолог студенттерді журналистика саласы бойынша қызықтырған, оның әр саласының өзіндік ерекшеліктері, қазіргі таңда электронды БАҚ-тағы жаңалықтар, кәсіби журналистикаға кері әсерін тигізіп жатқан жағдайлар, әлеуметтік желілердегі ақпараттарды саралау бағытында сөз қозғалып, ақпарат таратудағы жауапкершілік, фактчекинг, қауіпсіздік мәселелері де талқыланды. Қай салаға барса да, жастарға ең алдымен ақпараттардың оң-дұрысын ажыратуға сауаттылық қажет екенін айтып өтті. Білімді жастар елдің элитасын құраушылар, өркениетті елдің көші жастардың білімімен өлшенетінін айтып өтіп, «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» деген Ғабит Мүсіреповтің сөзін тілге тиек еткен Жарқын Түсіпбекұлы, «кітап оқуды тоқтатпаңыздар» деген тілегін жастарға айтты. «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы?!» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, кемел жасқа келелі ой тастаған кездесуде өлең де оқылып, ән де айтылып, күй де тартылып, жастар тәлім алар тағылымымен есте қалды.

## Мамандығым – мақтанышым

12 наурыз «Тарих, экономика және құқық» факультетінде «Жастар жылы» аясында оқытушылар З.Ю. Янтурзина және А.Ж.Акмалиеваның бастамасымен «Экономика және менеджмент» кафедрасы мамандықтарының 1-3 курс студенттерінің ұйымдастыруымен аталмыш кафедраның түлектері, қазіргі таңда мемлекеттік қызмет саласының қызметкерлері: БҚО кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бөлімінің бас маманы - Абдулов Мөрхан Бақытжанұлы, БҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының жұмысын үйлестіру бөлімінің басшысы - Дослаев Есімжан Ерболұлы, ҚР-ның мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің БҚО бойынша департаментінің жетекші маманы - Молдағалиев Дулатбек Алмазұлы сияқты мамандармен «Мамандығым - мақтанышым» атты кездесу өтті.

Осы кездесуге бастамашы болған «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша 1-3 курстардың кураторы З.Ю.Юмағалиеваға алғашқы сөз берілді. Кездесу барысында студенттер көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Келген қонақтар

мемлекеттік қызметкер болудың артықшылықтары мен мақтанышын, жұмысқа орналасудағы кездескен кедергілер мен қиындықтары туралы айтып берді. Қазіргі таңда өз саласының білікті мамандары студенттік кездерін еске алып, студенттердің ұйымдастырған ойындарына қатысты. Кездесу соңында студенттер

ағаларына ескерткіш ретінде сыйлық беріп, уақыт тауып кездесуге келгендері үшін алғыстарын жеткізді. Кездесу өткізу арқылы студент жастардың оқуға құлшынысын арттырып, жігерлендіру екендігін сөз басында оқытушы З.Ю. Янтурзина тілге тиек еткен болатын. Кездесу өз мақсатына жетті, студенттер маман-ағаларын қимастықпен шығарып салды.

**З.Ю.ЯНТУРСИНА,**  
«Экономика және менеджмент»  
кафедрасының аға оқытушысы







# Мәдениет және өнер

Культура и искусство  
Culture and art

Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді.

Жүжисір ал-Фараби

Весь мир театр, а люди в нем актеры.

Уильям Шекспир

№1(25), наурыз, 2019 жыл

## Құбылыс

Мәдениет биігіндегі сүбелі табысты олжамыздың бірегейі - театр. Алаштың ақтаңгері Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, театр ермек емес, көңіл көтеру де емес, ол – озық үлгі, тағылымды тәрбие, өнер орны. Осы арнада таразыласақ, университетіміздің мәдениет және өнер факультетіндегі «Мұрагер» студенттік театрының орны аса салмақты. Бүгінгі тұста студенттік «Мұрагер» театрының мақсат-міндеттеріне ұлтымыздың баға жетпес қазынасы театр өнерін студент жастар арасында насихаттап, талант иелерінің өнерін танып, сахна шеберлігіне үйретіп, актерлік мүмкіндіктерін дамыту, әлеуметтік-мәдени қызығушылықтарын арттыру, бос уақыттарын тиімді пайдалану енбек. Үңіле қарасақ, «Мұрагер» студенттік театрының алғашқы бастауында көптеген тұлғалардың бейнесі мәнмұндалайды. Солардың қатарынан бүгінде, өкінішке орай, өмірден ерте озған, өз тұсында мәдениет және өнер факультетінің деканы болған азаматтардың бірі ретінде Исатаев Мейрам Исатайұлын баса атаймыз.

## «Мұрагер» студенттік театры жастар жанырында

Студенттік театр өз шымылдығын 2006 жылы жазушы-драматург Есенжол Домбаевтың «Айналайын



ақ келін» спектаклімен ашқан-ды. Театрдың алғашқы қойылымы да осы. Қоюшы режиссері – Мұқанғали Томанов. Ал, сол тұста студенттік декан ретінде Мейрам Исатаев театр жетекшісі болған-ды. Өртістері сапынан Арайлым Ихсанова, Әйгерім Ділмағанбетова, Нұргүл Қисметова, Света Адаева, Мерген Сүлейменов, Асылхан Байқуатовтарды атар едік.

Орыс жазушысы А.М.Горький адамды мәдениетке баулуда өнер мен ғылымның жәрдемі көптігін айтқан-ды. Олай болса, театр атаулы бүгінгі күннің жастарын дүниеқорлық пен қатыгездіктен, дерексіздік пен көрсеқызарлықтан алыс болуға шақырады. Бізге мәлімі, «Мұрагер» студенттік театрының репертуары жыл өткен сайын өзгере түсіп, әсерлі де қызықты әрі мазмұнды спектакльдермен толықтырылуда. Мәселен, С.Қасымбектің «Жатақхана» (2013) (Қойылым режиссері – А.Елекенова), Д.Исабековтің «Өлке» (2014), М.Мақатаевтың «Қош-махаббат» (2014) (Қоюшы режиссері – Х.Аратқызы), Махамбет ақын өлеңдерінің желісі бойынша даярланған «Егеулі найза қолға алмай» (2015) қойылымы (Инсценировкасын әзірлеуші «Режиссура» мамандығының студенті Ж.Мырзагереев), Е.Төлеубайдың «Ай, қыздар-ай» (2015) (Қоюшы режиссері – Ж.Бақтығалиева), Б.Мұқайдың «Раушан гүл» (2016), «Заманақыр» (2016), Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» (2017) (Режиссері – И.И.Ысқақова) секілді дүниелері осы саптағы ұтымды қойылымдар.

«Мұрагер» студенттік театрының 2017-2018 жылғы көрермен назарына ұсынған қойылымдары да театр жанашырларының, студенттердің көңілінен шыға білді. Мәселен, У.Шекспирдің «Гамлет» (Қойылым режиссері – Өркен Ахмет) сынды дүниесі - өз биігінде көрермен талғамына сай шынайы өрнектелген тұшымды қойылым. Осы орайда 2018 жылы мамырдың 16-сында У.Шекспирдің «Гамлет» қойылымы премьерасының аса табысты өткенін айтсақ орынды. Мұнда Дания патшасы о дүниелік болып, оның тағына туған бауыры Клавдий отырады. Марқұм кароль ұлы Гамлетке өз ажалынан емес, інісі Клавдийдің қастандығынан өлгені туралы аян береді. Қалайда кек

қайтаруды ойлаған Гамлет неше түрлі күйге түсіп, сансыз сұрақ пен сынаққа кез келеді. Бір ғажабы өнер әлемінде әр театрдың, әр режиссердің өз Гамлеті бар деседі. Студенттер де өз Гамлетін сомдады. Біле білсек, ғасырлар бойы жүріп келе жатқан бұл қойылым тұғырынан түскен емес және түспек емес. Шығармадағы басты сауал: «Болу керек пе, әлде бордай тозу керек пе?». Мәңгілік мәселе! Бірнеше ғасырлар бойы әлем сахналарында үзбей қойылып келе жатқан бұл атақты трагедияның премьерасынан соң, ойлы көрермен өзіндік көзқарасын, өз ой-пікірлерін қуана білдіргені есімізде. Туындының басты рөлдерін Өркен Ахмет, Мейрамбек Ерболатұлы, Биболат Ғайнолла, Айкөркем Асқарова, Анар Жолдығалиева, Динара Хамидуллина, Нұрболат Бимағанбетов, Айнұр Ерболатова, Ержан Абуов, Бибарыс Ұзақбаев, Бекайым Әубәкірова, Нұрсұлтан Сақтай секілді студенттер асқан шеберлікпен ойнай келе, көрермендерін өздеріне тәнті ете білді.

Ал 2018 жылғы ақпан айының 24-інде «Мұрагер» студенттік театры көрермен назарына Н.В.Гогольдің «Шинель» әңгімесінің желісі бойынша «Көлеңке ғұмыр»



комедиясын ұсына алды. Қойылым режиссері – студент Мақсат Тұяқ. Жетекшісі – аға оқытушы, магистр Индира Идиятқызы. Басты рөлдерді Әбілхайыр Еслямғалиев, Биболат Ғайнолла, Айкөркем Асқарова, Анар Жолдығалиева, Нұрболат Бимағанбетов, Өркен Ахмет, Ақмоншақ Есетова, Назерке Махамбетова, Құрманай Заур, Ардақ Хайруллина, Сағди Гатау, Закира Сағындықовалар ойнап, шеберліктің тереңіне кеңінен құлаш сермеп аса ойлы образдарды оя білді.

Бір таңғаларлығы, «Мұрагер» студенттік театры оқу ордамыздың төрінде ғана емес, облыс, республика көлемінде университетіміздің имиджін еселей арттырып, білім ордасының мерейін лайықты биіктете білуде. Қазақ өнерінің қара шаңырағы атанған Алматы қаласындағы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер

академиясында 2018 жылғы наурыз айының 26-ы мен 28-і күндері X Республикалық пәндік олимпиадада мәдениет және өнер факультетінің «Режиссура», «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 1-3 курс студенттері университет мерейін биіктетуде абырой биігінде бола алды. Сол тұста «Актер шеберлігі» пәні бойынша студенттік театр М.А.Булгаковтың «Морфий» әңгімесінің желісі бойынша «Тағдырмен бетпе-бет» әлеуметтік драмасын сәтті сахналаған-ды (Қоюшы режиссері – Тұяқ Мақсат). Ал, осы ретте «Сахна тілі» пәні бойынша «Режиссура» мамандығының I курс студенті Биболат Ғайнолла II орын иегері атанған-ды. Бұл тұста қойылым кейіпкерлері ретіндегі доктор Бомгордты – Заманбек Өненов, доктор Поляковты – Иса Сағындықов, Анна Кириловнаны – Анар Жолдығалиева, жағымсыз рең туғызар кейіпкер рөлдерін Бисенбек Мажит, Биболат Ғайнолла, Нұрболат Бимағанбетов, Айкөркем Асқаровалар сомдап, аса ыждағаттылықпен шеберлік таныта алды. Тап осы қойылымды әзірлеуде театр жанашыры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мәмбетова Әсел Иманғалиқызының орны алабөтен.

«Мұрагер» студенттік театрының биылғы кезекті маусымы да мазмұнды спектакльдермен басталды. Атап айтсақ, 2018 – 2019 оқу жылындағы алғашқы қойылым жазушы-драматург Рақымжан Отарбаевтың «Актриса» комедиясымен бастау алды. Режиссері – Тұяқ Мақсат. Рөлдерді сомдауда «Мұрагер» театрының белсенді актер-студенттері Өркен Ахмет, Бисенбек Мажит, Әбілхайыр Еслямғалиев, Бек Меренов, Айкөркем Асқарова, Құралай Жанақова, Гаухаргүл Жексенова, Ақмоншақ Есетовалар жинақы да ширақ өртістік қалып танытты. Бүгінгі таңда да театр ұжымы өзінің өзге де ойлы қойылымдарымен көрермендерінің көңілін табуға жұмыстануда.

2018 жылғы қараша айының 15-і мен 18-і аралығында Самара мемлекеттік өнер институтының кіші формадағы театрларының Халықаралық Жастар спектакльдері («Театромагия») Жастар ісі жөніндегі федералдық агенттігінің (Росмолодежь) қаржылық қолдауымен Жоғары білім беру ұйымдары арасында жастар жобаларының Бүкілресейлік байқауы аясындағы фестивалі жүзеге асырылды. Бұл фестивальде Орал қаласы атынан «Мұрагер» студенттік театры А.П.Чеховтың «Қораптағы адам» қойылымымен қатысып, сан тараулы өнер көрсетті. «Қораптағы адам» әңгімесі арқылы автор қорқыныш атаулының нақтылық алдында адамды ширқтыра, ширата түсерін айтады. А.П.Чехов барлық зиялы қауымға қысқа да нұсқа сатиралық мінездеме береді. Бұл қойылымның режиссері – Сағди Гатау болса, суретшісі – Елжан Мырзағалиев, жарықпен көркемдеушісі – Анар Жолдығалиева, музыкамен сүйемелдеушісі – Айзада Жетісова. Егер де режиссердің ой-тұжырымы, мақсат-мұраты ең алдымен актер ойыны арқылы ашылуы шарт десек, қойылымдағы образдар ішінен Беликовті – Сағди Гатау, Аванасийды – Нұрболат Бимағанбетов, Вареньканы – Айкөркем Асқарова, Михаилды – Нұрдәулет Жанатов ойнаса, көпшілік сахнаға - Өркен Ахмет, Айнұр Ерболатова, Ержан Абуов, Динара Хамидуллина, Бибарыс Ұзақбаевтар қатысты. Сахнада ұжым тұтастығы сақталып, кейіпкерлер өз рөлдерін шынайы актерлік шеберлікпен ашуға тырысты. Студенттер автордың ой астарына үңіле қарап, өз кейіпкерінің жанын мейілінше жинақы ашуға ұмтылып, актерлік шеберлігі қалыптасып келе жатқан жас талант иелері екенін көрсетуі қуантады.

Түйіндей айтсақ, биылғы жастар жылының жариялануы өскелең ұрпақтың еліміздің дамып өркендеуіне зор үлес қосуына мол мүмкіндік берері сөзсіз. Осы орайда «Мұрагер» студенттік театры ұжымынан жігерлі жастық шаққа тән ұлттық рухани құндылықтар биігіндегі саф алтынның үзіндей елдік бірегей туындылардан алынған ділімізге, тілімізге, дінімізге дөп келер қайталанбас таңғажайып қойылымдарды ерекше жаңалық есебінде күтеріміз даусыз.

**А.С.ҚЫДЫРШАЕВ,**  
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,  
п.ғ.д., профессор

**Г.С.СӘРСЕНҒАЛИЕВА,**  
Фил-33-топ студенті  
(«Филология: қазақ тілі» мамандығы)

«Мәдениет және өнер» («Культура и искусство» – «Culture and art») жаршысының жауапты редакторы - Гүлсәзім Төлегенова, КДР-11-топ студенті. Кеңесшісі - А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі



2013 жылы қазанның 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 октября 2013 года

Сөз анасы – құлақ, су анасы – булақ, қол анасы – тауық.

# Шешендік мектебі

(Школа ораторства - School of oratory)

№2(17), наурыз, 2019 жыл

Сырым Датқлы атындағы шешендік өнерге баулу клубының жаршысы



Рухани байлық

## ТЕКТИ СӨЗДІҢ ШУАҒЫ

Естілер еңкейген сайын еңселене түспек. Белгілі айтқысқақ ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері Шолпан Қыдырғиязова – еңселі естілер сапынан. Бүгінгі қазақ әйелінің эталоны Шолпан Батырқызының «Анадан – ақыл, әжеден – әдеп» («Менің тәрбие сағатым» еңбегінің толықтырылған, өңделген нұсқасы) атты кітабы – тектілік баяны, саналы ұлт ұрпағын текті сөз арқылы өнегеге баулу еңбегі. Құдайым кеудесінен осыншама тұңғыш шуақты ой төккізген Шолпан апамыз – есті елдің текті қыздарының сойы. Аталмыш еңбекте автор қысқа сөз арқылы нұсқа ой өреді. Нәтижеде бүгінгі ұрпақты сәтіммен сергітеді, құлаш жая серпілтеді.

«Анадан – ақыл, әжеден – әдеп» еңбегі – сары алтындай салиқалы салмағы бар сан тарау томдықтарға бергісіз толғанысты талайым туынды. Еңбек ақиқатты айтумен құнды. Ал ақиқатты тек ақылды көздермен ғана көруге болар. Білеріміз, көзбен оқып қана қоятын да сөз бар. Асылы, жаңғырығы жоқ сөздің жақсылығы шамалы. Бұл ретте еңбекке енген зерделі сөздер – оқырман ойлантар ойлы сөздер. Су татитын сөлінен айрылған сөз емес, қуат болып жарытпас қайғырған да сөз емес, ел зердесіне көшкен елеулі сөз. Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас та. Десек те, көзбен айтқанды сөзбен айтқандан асқан қиын жоқ. Демек, жүзкітін өзінен де көзі қымбат, ақынның сыйлығынан сөзі қымбат, биліктің сөзінен біліктің сөзі қымбат. Ұсынылған еңбек – ақылман ақынның, тәжірибелі біліктің қуатты да құнарлы сөзі. Ақын таразысы – әділ таразы. Ақын ақиқат шындықты айнақатесіз дөп айтады. Біле білсек, ақын жалған сөйлеген күні ақындықтан қалады. Шыншыл қалам шымыр жазады емес пе. Бізді емен сөздің иегері Шолпан апамыздың ауылына тартпақтамай, бауырына жалтақтамай тура тұжырым жасай білгені қуантады. Туындыгер осынысымен оқырман алдында қашан да биік. Әркімнің де өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қаларының дәлелі де осы емес пе!

Афоризм – тілсіз тәлімгер. Еңбекке енген осы тұрғыдағы Шолпан Батырқызының нақыл сөздері – тұнған тағалымды тұжырымдар. Тәрбие тәлімінің туындыгері ата баласы емес, адамның баласы болуды қадай айтып, адамдықтың белгісі қасықтай қастерленген абыройды шелектеп төкпеу, абыройды сақтау әрі сатпау сапында салмақтайды. Ашу үстінде ант жүрмес десек, ашу тасыса бар ақыл да төгілерін ескертіп, ашумен аузыңды ашпауды айтады. Түйір нан термен келмек. Ендеше, еңбек адамның екінші анасы десек, тұлпар уақыт еншісіндегі еңбек тоқтықтың, жалқаулық жоқтықтың белгісі екенін баса айтады. Кішкентай тастан қауақтай бас жарыларын ойласақ, түсіңе сенбеуді, күшіңе сенуді айқындап, сабыр санадан, ақыл ауырдан туарын есте ұстауды меңзейді. Басшыға, әкімқараға құлаққағыс ретінде рухтыны ұлықта, намыстыны налыпта, беделдіні биіктет, жігерліні жетекте, қабілеттіні қамқорла, таланттыны таныт, жасты жасытпа, кісіге емес ісіңе сен деуі де неткен ғажап! Іле-шала діліне діңгек болмаған тіліне тірек болмайды деп түйеді.

Шешен сөйлеу – тұлға көркі. Ділмардың сөзі ұстаның бізінен өткір. Шешендік күші шындықта. Шолпан Батырқызы – аз жазса да саз жазатын жан. Ақын шешен сөйлеу әдебін «ерсілі-қарсылы сөйлеу – алжығандық», «аузына келгенді айта беру – парықсыздық», «ақылдыны жауыз, ақымақты ауыз өлтіреді», «ана тілін білмеген адам – санаға салтын ілмеген адам», «көлбеңдей беру көсемдік емес, сөйлей беру шешендік емес» деп дөп шертеді.

Сақтықты сұңқардан үйренген жөн. Кітап авторы өзі саққа құдай жақ, сақ жүрсен, сау жүрсің дей келе, тілдімен тіреспе, жетімге жекірме, шынжырлымен шатаспа, қорғансызды қорлама, тасырға тас атпа тұрғысында сақтандырады. «Бата – сөздің анасы» болса, бата дарып, бақ қонғай деп, атаңнан бота қалмасын, бата қалғай деп, бата білмейтін атадан, ас қайырап



шата артық деп, бата жаттауға кеңес береді. Автор ұрпағының ақылы барда ар сақтауын жөн санап, беттің арын белбеуге түйіп алуын ар көреді. Жарлы болсақ та, арлы болуға шақырады. Демек, жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат.

Қарымды қаламгер туған жердің ауасы да шипа боларын меңзеп, туған жердің туын жықпау тұрғысында қазақтың бала тәрбиесіндегі ұстанымын қасиет тұтады. Жасқа да, жасамысқа да ғұмырлық кредо болар «шындықтан шошынбаймыз, тар жерде тосылмаймыз, орынсыз осылмаймыз, қоқысқа қосылмаймыз, топта тау тасындаймыз, жарқ етсек жасындаймыз, табысқа тасынбаймыз, ашумен ашынбаймыз, ақсисақ қасқырдаймыз, көкірек бастырмаймыз, басынып басқа ұрмаймыз, абырой шаштырмаймыз, салттың сабағымыз, сыбаға табағымыз, қасиет қабағымыз, тәртіптің табанымыз, ақылға жүгінеміз, сыйласақ үгілеміз, иіліп бүгілеміз, сезімнің самалымыз, қағидат қамалымыз, жақсылық жамалымыз, Алладан амалымыз» деген қағидатты тұжырымдар ұсынады. Бұл ақынның жас ұрпақ бойынан көргісі келер, қасиет дарытар қағидасы ғана емес, бұл – Шолпан ақынның өзіндік ұстанымы да. Туындыгер тәрбиелі адамның тағалы атпен теңдігін ескеріп, бала тәрбиесі бесіктен деп, бесіксіз үйде береке жоқтығына акцент бере келе, есігіміз бен бесігімізге ұқыпты болуды өтінеді («Бесік – тәрбие, тәртіп, тазалық, төзім, денсаулық, есік – пейіл, мінез, қонақжайлық, салт-дәстүр»). Еңбекте ақын құдды бір емшідей ашу басу жолдарын да ұсына білген (Оңаша отырып күй тыңдасаң, күйің басылады, ән асқақ арманға жетелейді, жүрекпен оқысаң, өлең өзектегі өкінішті өшіреді, жыр жан жарасын жазып, сабаңа түсіреді, әңгіме әлеміңді әрлейді). Парасатты пайым иесі шынайы отбасы құруға

Келіңіз, көріңіз!

### «TOPJARGAN» жобасы

Еліміздің болашағы – жалынды жастар. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ынтасына байланысты. Университет қабырғасында сабақ пен қоғамдық жұмыстардың басын біріктіріп, талай асуларды бағындырған студенттеріміз аз емес. Ондай студенттерімізді бірі білсе бірі білмейді. Осындай студенттерімізге қолдау көрсету бағытында факультетімізде жаңа «TOPJARGAN» жобасы бастау алды. Бұл жоба 3 мәрте ұйымдастырылды.

Алғашқы басқосудың қонақтары ҚР Тұңғыш Президенті атындағы шәкіртақы иегері, филология факультетінің 4 курс студенті – Кемешова Айша, «Мен жастарға сенемін» атты студент жастардың IV республикалық форумында эссе бағыты бойынша бас жүлде иегері – Сағиева Аяжан, университетіміздің атын республикалық дәрежеге көтеріп жүрген «Талант жайдарман тобы болды. Ақпан айының 19-ындағы екінші кездесу қонақтары ретінде «Жаңғыру жолы» студенттік клубының төрайымы. БҚО Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы кеңесінің төрайымы, ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегері Лукпанова Әйгерім, университетіміздің ресми парақшасының әкімгері Салауатов Бақдәулет, «Жасыл ел» жастар жасағының командирі Амангелдиева Айжан секілді жас тұлғалар шақырылды. Наурыз айының 13-і күнгі аталмыш жобаның үшінші жүздесуінде ерекше дарынымен көзге түсіп, республикалық деңгейдегі мүшәйраларда жүлделі орын алып жүрген жас ақындар Ақтілеу Қалдыбай, Мәрлен Ғылымхан, Әнуар Аманжолов, Әли Мусиндер шақырылды. Тердің қадірін білер жас таланттар студенттердің сұрақтарына жауап беріп, түрлі ойындар ойнап, өз өнерлерін ортаға салып, кеш көркін қыздыра білді. Осындай кездесулер арқасында студенттеріміз бір-бірінен мотивация алып, жастар жылына жаңа идеялармен аяқ басты. Ай сайын өткізілетін «TOPJARGAN» жобасы келесі кездесуінде кімдерді көргісі келетінін айтып, өз ұсыныстарын ортаға салды. Иә, достар, студенттік сәттің бір қызығы осындай болмақ!

Жанар ҚАБДІРАХИМҚЫЗЫ,  
Фил-21-топ студенті

қатысты кемеңгерлік танытқан (Босаға аттауға өзмісің, қызым? Босаға аттау – бостандықты еркіңмен шектеу, бейнетке беттеу, міндетсу емес, міндет алу, ыңғайсыздану мен ыңғайшылдану, тыным таппау, ешкімнің «жынын» қаппау, тайталаспау, бүгініңді ертең қайта бастау, тіл қатуға тосыла беру, ісіңе іс қосыла беру). Ұлдың намысын жона түседі, қайрай түседі (Ұмытпа, ұлым! Сен – қазақсың, ұлтыңның ұлтанысың, салтыңның сұлтанысың, жұртыңның жүрегісің, тіліңнің тірегісің, діліңнің діңгегісің, дініңмен іргелісің. Қазақ деген – бес өріп. Қасиет, айбын, зерде, ар, қанағат! Қасиетіңді қашырмай, айбыныңды аздырмай, қанағатыңды құлыптап бер әріптің ішіне сыйып жүрегісің!). Қысқасы, ақын еңбегі арқылы оқырман атаулы көкейіндегі сан сауалға жауап тапқандай. Соның бірі – қалай айту керектігі туралы. Мәселен, ұрысып айтпа, дұрысын айт; ісініп айтпа, түсінік айт; сарқылып айтпа, тартынып айт; күйініп айтпа, түйінін айт; шамданып айтпа, қамданып айт; бұқтырып айтпа, ұқтырып айт, т.б. Демек, айта білген, орнын білген еш оқынбасы даусыз.

Тіл – қашан да көңіл кілті. Әдепсіз өскен адамнан тәртіппен өскен тал жақсы. Ақын ердің өзіне қарамауды, сөзіне қарауды, сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейтінін алға ұстайды. Демек, Шолпан Батырқызы – жақсы адам тұлғасындағы ел ырысы, оның сөздері – жанның тынысы. Ақыл сөзі – көпке айтылған ұлағат, кеңес қана емес, таптырмайтын ем де.

Тоқ етерін айтсақ, Шолпан Қыдырғиязова – қасқағым өмірдің қағаберісіндегі таспаның жіңішке тіліндей тарамдалған тіршілікте ештеңеге қарамастан өмірді өзінше сүйе білетін жан. Шолпан сынды шындықты тура айта алар біртуар апайымыз барда қазақты емен сөзі жайқалып өсе бермек. Сәті түсіп тұрғанда Шолпан Батырқызына айтар тілегіміз – қай уақытта да алтынның түйіршігіндей жаңқаларыңызды жинай жүргейсіз, емен сөзіңізді айта бергейсіз. Сізге бір күніңіз мазасыздау мұң сыйласа, жүз күніңіз қуанышпен шаттандырғай!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,  
М. Әтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

«Шешендік мектебі» («Школа ораторства» - «School of oratory») жаршысының жауапты редакторы – Еркеназ Қалижан, Фил-31-топ студенті («Филология: қазақ тілі» мамандығы). Кеңесшісі – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі



2019 жылғы қаңтардың 30-ынан шыға бастады

# Рухани жаңғыру

Жастар JASTAR JYLY KAZAQSTAN 2115

Рухани жаңғыру

Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.  
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

Жалпақ әлемді ауызыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек.  
Әбіш КЕКІЛБАЕВ, классик жазушы

«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №3, наурыз 2019 жыл

Ұлт жады

## АТА-БАБА ДӘСТҮРІ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КӨЗІ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғанына жиырма жеті жылдан асты. Мемлекетіміздің толығып, қуаттана түсуі үшін, әлем халықтары өркениеті арасындағы өзіне лайықты орнын алуы үшін, әлі де болса атқарылар жұмыстар мен ізденістер ауқымы мол. Тарихтың бір кезеңдерінде «Қазақ хандығы», «Дешті Қыпшақ», «Ғузи» (Түркі қағанаты) және тағы басқа атауларға ие болған бұл өлкені түркі нәсілді түрлі тайпалар өз Отаны ретінде мекен-жай еткен, өсіп-өнген. Зерттеушілерге сүйенсек, М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-турки» (Түркілер сөздігі) еңбегінде осы аймақтарда тұрақтанып, қоныс еткен қырық тоғыз тайпа мен тайпалық бірлестіктердің аты аталып өтеді. Қазақстан аумағын және онымен шектес аймақтарды мекендеген өзге де түркі халықтарының ұзақ уақыттар бойына аралас-құралас өмір кешуі осы халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде де өзіндік із қалдырған. Солардың бірі – дүниенің жаңғырып, жасару мезгілі – көктемді қарсы алу. Қазақтар, көптеген түркі халықтары, бұл орайда көктемнің алғашқы уақыттық белгісін «күн мен түннің, яғни, жарық пен қараңғылықтың теңесу уақыты» деп таниды және қазіргі түсінігімізге сай 22 наурызда атап өтіп жүр. Қазақтарда әдет-ғұрпымызға тән бірқатар мерейлі күндер бар, бірақ Наурыз мейрамының орны ерекше.

Ертеректе тарихи-географиялық жағдайларға байланысты экономикасының басым бөлігі төрт түлік мал-жағдайына тәуелді болған қазақтар осы Наурыз мейрамынан соң іле-шала көктеу мен жайлауға көшу қамына кіріседі. Мұның алдында Наурыз мейрамын үй-үй, жақын ауыл-ауыл болып атап өтетін. Келетін қонаққа арнап жеті түрлі дәмнен немесе жеті түрлі азық түрінен арнайы «наурыз көже» дайындалатын. Сонымен қатар осы мейрамға әзірлеп, сыйлы адамдарға арнап қыс соғымнан «наурыз сыбаға» сақталынған. Осыған орай халық арасында наурыздың «ұзынсары» деген атауы да болған. Сондықтан «наурыз сыбағаны» кейде «ұзынсары сыбағасы» деп те атаған. Қыс қиыншылықты өткізген халық наурыздан, яғни, Жаңа жылдан көп жақсылықтар күткен. Бір-бірінің үйін, ауылын аралағанда

наурыз құрметіне арнап «ескі жыл есіркеді, жаңа жыл жарылқасын» деп, үмітті тілектерін де білдірген. Сонымен қатар шаруашылыққа, адамның көңіл-күйіне, халыққа, мемлекетке қатысты «Ұлыс аман болсын!», «Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!», «ақ мол болсын!», «желі ұзарсын!», «көк көбейсін!», сондай-ақ «жаңбыр мол болсын!», «егін ырғын өссін!», «жайлау жайлы болсын!», «қоныс құт әкелсін!» сияқты тілектерді білдіріп отырған. Наурыз мейрамында ауыл жиналып, көкпар тарту, балуан күрестіру, айтыс-толғау өткізу тәрізді іс-шаралар атқарылған. Сондай-ақ маңызды бір мәселе – наурызға жете алмаған әруақтарға құран оқылып, еске алынып отырған. Наурызға арналып жайылған дастархан басында сол ауыл-аймаққа, ағайын-туғанға, тұрмыс-тіршілікке қатысты мәселелердің барлығы да түгенделіп, әңгіме арқауына айналған. Мәселен, күйеу келтіру, қыз ұзату, құда күту, жайлауға көшу, егін салу, т.б.

Қазіргі уақытта ата-бабадан мирас болып қалған Наурыз мейрамы көктем мерекесі, ескі жаңа жыл басы ретінде жаңғыра түсіп, халқымызбен бірге жасап келеді. Осыған орай біз де «Рухани жаңғыру» институты ұжымы атынан Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы мен студенттер қауымына Наурыз құтты болсын, еліміз аман болсын деп тілек білдіреміз.

Сондай-ақ, сөз соңында жыл басы – Наурыздағы аталымдарды қоса беруді жөн санаймыз. Шынында да халық дәстүрлері қашан да өмір тәжірибесінен туындап, қалтқысыз қалыптасады. Соның нәтижесінде қолданысымызға жаңа атаулар еніп, жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтеді. Сол себепті төмендегідей халық даналықтарының студент жастар есінде жүргені абзал деп білеміз. Олар: жыл басында нұр жауған түн – қызыр түн; жыл басының алғашқы суы – қарғын; алғашқы қары – ақшақар; алғашқы күні – ұлыс күні; алғашқы желі – жыл айналып жеткен алтын күрек; алғашқы төлі – дүбіраяқ; бірінші сүті – уыз; бірінші құсы – нәуірізек; бірінші көгі – бөйшешек; алғашқы асы – наурыз көже; алғашқы тілегі – «Ауызды ақтан айырмасын, қызылды уақтылы

Мерей

## Құттықтау!

Қазақ елінің өнері мен мәдениетін дамытуға сіңірген еңбектері үшін «Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор **Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы**н «Өнерге қосқан үлесі үшін» медалімен (Куәлік №181) марапатталуымен, университетіміздің қауымдастырылған профессоры, «Құрмет» орденінің иегері **Нұрымбетов Еркін Шаяхметұлы**н ҚР Атырау облысы әкімдігінің Махамбет Өтемісұлы атындағы сыйлықты тағайындау жөніндегі комиссиясының шешімімен «Махамбет атындағы сыйлықтың иегері» атағын алуымен, мәдениет және өнер факультетінің магистр-оқытушылары **Абуова Роза Сүйеуғалиқызын** (Куәлік №0109/10942), **Жұмағалиева Гүлжазира Ермекқызын** (№0109/10945) және **Сұлтанова Меңдігүл Есламғалиқызын** (№0109/10948) ҚР «Қазақстан ұстаздары» қоғамының (Алматы) ұсынуымен «Қазақстан ұстазы» медалінің иегерлері атануымен құттықтаймыз. Өріптестеріміздің дендеріне саушылық, шәкірт баулу істеріне келелі табыстар тілейміз!

«Рухани жаңғыру» институты ұжымы  
22.03.2019 ж.

көрсетсін!», алғашқы құттықтау сөзі – «Жасың құтты болсын!»; бірінші белгісі – көрісу; бірінші сый-тағамы – ұйқыашар; алғашқы сыйлықтар – діреткізер, селтеткізер; бірінші нышаны – самалық айту; бірінші сәлемі – Ұлыс бақты болсын, төрт түлік ақты болсын! Ұлыс береке берсін, пәле-жала жерге енсін!

Ардақты ағайын! Айналайын студент-жастар! Қашан да рухани жаңғыру көзі ата-баба дәстүрі боларына нық сеніммен қысқа сөзімізді наурыз бата нұсқасымен тәмамдаймыз.

Басымызға бас қосылсын,  
Жасымызға жас қосылсын,  
Жанымызға жан қосылсын,  
Малымызға мал қосылсын!  
Ұлыс – шуақ болсын,  
Құдай қуат берсін,  
Маңайымыз суат болсын,  
Жайқалған құрақ болсын!  
Жылымыз қызырлы болсын,  
Мерекеміз дүбірлі болсын!  
Жылқымыз үйірлі болсын,  
Сиырларымыз бүйірлі болсын,  
Қойларымыз қоралы болсын,  
Көлдеріміз қоғалы болсын,  
Ұрпақтарымыз бағалы болсын,  
Мәртебелері жоғары болсын!  
Өрісіміз көкті болсын,  
Ұлдарымыз отты болсын,  
Қыздарымыз текті болсын,  
Беделді, бетті болсын!  
**Аллаһуакбар!**

**Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**

«Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор, «Өнерге қосқан үлесі үшін» медалінің иегері



«Рухани жаңғыру» - «Рухани жаңғыру» бетін әзірлеген А.С.Қыдыршаев, «Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор



## Жас келсе іске

«Еңбек етсең, төрлейсің, әрі ерлейсің». №47 Жалпы орта білім беретін мектептің жас маманы Мәлік Айгүл Қамбарқызы дәл осылай дейді. Асым адал болсыншы деп, еңбек еткен ол, жарты жыл ішінде табыстарға жетіп, мектептің мақтаулы ұстаздарының қатарынан көрінді.

Мәлік Айгүл Қамбарқызы 1997 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданында туған. Бала күнінен бастап №226 гимназияда ағылшын пәнінің ұстазы Асем Садуақасоваға еліктеп, оқу бітірісімен ұстаздық жолына таңдау жасайды. Айтуынша, болашақ кәсіпті таңдауына, әлбетте әкесі де кеңес берген. Осылайша Айгүл Қамбарқызы М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша тәлім алады. Аталған білім ошағын 2018 жылы ақылы түрде үздік дипломға тәмамдаған соң ұстаздық жолда жұмыс істеймін деп бел буады. – Сабақты оқып жүргенімде, шыны керек, көп нәрсені ұқпайтынмын. Көп қорқыныш болды. Бірақ нақты тәжірибеге көшкенде, мамандығымның қыр-сырын үйрендім, - дейді Айгүл. Уневерситеттегі білімін тәмамдаған ол №47 Жалпы орта білім беретін мектебіне жұмысқа кіреді. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дегендей жас маман болып, біраз қиыншылықтар кездессе де, қазір мектептегі тәжірибелі мұғалімдердің бағыт-бағдарымен өз жұмысымды атқарып келемін. Сондықтан алған тәжірибем үшін алғысым шексіз, - дейді жас маман. Оның сөзінше, бұл қызметте үйренгені көп. Себебі мамандығын толықтай зерттеп шыққан. Мақсатына берік арудың асқаралы



арманы бұнымен бітпек емес. Бұл жерде ақыл айтып, тәжірибесімен бөлісетін аға буын өкілдері тағы бар. Мектептің еңбеккерлері бір үлкен, тату жанұядай ғой. Барлығы бір-біріне көмектеседі, - деді Айгүл.

Айгүл мектептің қоғамдық өміріне де белсене қатысады. «Жастар кеңесінің» мүшесі үнемі түрлі шаралардың басы-қасында, оның ішінде «Үздік оқырман – 2019» жас мамандар арасында мектеп ішінде іс-шарадан 1-орын алды. Келер жылы жас маман осымен тоқтап қалмақ емес. Діттегеніне кішкентай адыммен жетемін деп отыр. Ендеше өз тарапымыздан талабы биік жас маманға сәттілік тілейік!

**Аяулым АБЫЛХАЙРОВА,**  
«Филология: қазақ тілі»  
4 курс студентті

## С УВЕРЕННОСТЬЮ - В БУДУЩЕЕ

Наше государство создает все условия для молодежи, уделяет огромное внимание всестороннему качественному развитию молодежи, в стране реализуется множество программ. Президент много усилий вкладывает в будущее молодежи Казахстана и возлагает на нее большие надежды.

Нурсултан Абишевич выразил уверенность, что в дальнейшем все молодежные организации будут активно взаимодействовать, вместе работать и принимать

активное участие в реализации нового, оказывать народу и стране содействие, свою помощь. А государство, в свою очередь, приложит все усилия для улучшения жилищных условий молодежи, для развития молодежного предпринимательства, помощь сельской молодежи и создание институтов правовой защиты молодежи.

Н.А.Назарбаев еще раз показал глубокую компетентность в знании ситуации на местах во всех

Ұлы даланың жеті қыры

## Ұлы дала ~ Мәңгілік ел пірегі

«Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы – түгел түркі мен Ұлы даладан бастау алатын тамырлас жұрттардың да ортақ игілігіне айналды. Рухани Жаңғырудың жалғасы іспетті тағылымды мақалада ұлт тарихының бастаулары, Ұлы Дала өркениеті, Түркі әлемінің генезисі, түркілердің адамзат тарихына қосқан сүбелі үлесі сияқты маңызды тақырыптармен бірге оларды жүзеге асырудың да нақты жолдары көрсетілген.

Терең тарихымызды түгендеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық мақаланың түгел түркі мен Ұлы даладан бастау алатын тамырлас жұрттардың да ортақ игілігіне айналды. Осы мақаланы талдау мақсатында тарих, экономика және құқық факультетінің ұйымдастыруымен тарихымыздағы көнеріп бара жатқан салт-дәстүрлерімізді, әдет-ғұрыптарымызды қайта жаңғырту мақсатында «Ұлы Дала жеті қыры» атты Тұңғыш Елбасының мақаласы талданып өтті. Осыған байланысты 1-3 курс аралығындағы студенттер өз ойын талқыға салды. Студенттер мақаланың әр бөліміне тоқталып, көкейде жүрген сұрақтарын қойды. Дөңгелек үстелді Экономика және менеджмент кафедрасының оқытушылары Акмалиева А.Ж. және Янтурзина З.Ю. қорытындылап, өз ойларын ортаға салды. Айтулы шаралар мен елде қабылданып жатқан маңызды шешімдерді талқылайтын осындай дөңгелек үстелдер ұстаздар мен студенттердің арасын байланыстыратын көпір іспеттес.

**А.Ж. АКМАЛИЕВА,**  
Экономика және менеджмент кафедрасының оқытушысы



## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ

Бүгінгі Қазақстан халқы бірлігі жарасқан бақытты қоғамда өмір сүріп отыр. Біз жарқын болашағымызға сенеміз. Себебі, барлығымыз бақытты мемлекеттің азаматтарымыз, ата-бабаларымыздан мұра болған «Ұлы Дала елінің» перзентіміз. «Ұлы Дала» ұғымы – баяғыдан бар ұғым. Ұлы Дала деп мынау Алтайдан Қара теңізге дейінгі даланы атайтын болған. Оның негізгі аумағы «біздің қазақтың жері» деп мемлекет басшысымыз атап өткендей тарихы тереңнен бастау алатын елдің, жаңа жобаларымен биік белестеріне көтеріліп келе жатырған елдің болашағын жасаушы ұрпақпыз. Алдымызда әлі талай асуларды бағындырып, еліміздің туын биікке желбіретіп, есімімізді «Ұлы даланың ұлы есімдері» қатарына енгізу біздің міндетіміз!

Ұлы тұлғалар – өздерінің саяси немесе рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандыра алып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар. Сондықтан кез келген мемлекет тарихы ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы анағұрлым айқын, әрі әсерлі көрінетіні тегін емес. Оның үстіне, тарихтың өзі де кейде осы тұлғалармен сәйкестендіріледі. Бұл орайда, Елбасымыздың ұлы есімдерді танытудағы ұсынған жолдары өте тиімді деп есептеймін.

Қазақ елінің де ұлы тұлғаларының есімдері тарихымызда алтын әріптермен жазылып, мәңгі ел есінде қалмақ. Елім деген, жері үшін аянбай, еңбек еткен тарихи есімдер бізде де жетерлік. Ата-бабамыз дала бостандығын сүйе отырып, тарихтың қатал кезеңдерінде салт-дәстүр мен тіл, дін, ділімізді жоғалтпай бізге сыйлады. Қазіргі тәуелсіз ел болуымыздың себепкері – Ұлы тұлғалар. Қазақтың Ұлы даласында әл-Фараби мен Яссауи, Күлтегін мен Бейбарыс, өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар дүниеге келді. Олардың жүрегі «қазақ» деп соқты. Мысалы, Бейбарыс сұлтанның өзі туған жерін сағынып, жүрегінің қанжылағаны бізге тарихтан мәлім.

Сонымен, Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында жазып көрсеткен тұлғаларымыздың жетістіктері мен олардың жүріп өткен жолдарын көрсету үшін алға қойған мақсаттары сәтті аяқталғай. «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашу арқылы қазіргі жастардың рухын көтеруге, жүректерінде патриоттық сезімдерін оятуға болады. Ал, галерея ашу арқылы жақыннан біле алсақ, сериалдар арқылы өткенге бір көз жүгіртіп, ұлы адамдардың жүріп өткен жолдарын жақын сезіне аламыз деп ойлаймын. Өткенді білмей, болашақты болжау қиын. Сондықтанда өткенімізді еске ала отырып, болашаққа нық қадам басқанымыз жөн.

**Мәлдір УӘЛИ,**  
Тарих, экономика және құқық факультеті,  
«Аймақтану» мамандығының 1 курс студенті

## Тұғырлы мемлекет кепілі – жалынды жастар

Адам өмірінің ең қызықты әрі албырт кезеңі жастық шақ екені даусыз. Бұл кезеңде жан дүниесі, бітім, мінез-құлық, сана және түрлі әдет-дағды жағынан алғанда адам баласы сан түрлі сатылардан өтіп, өз ой-өрісі, өзіне тән дүниетанымы бар, өз алдына жеке тұлға болып қалыптаса бастайды. Жақсы-жаман мінез, әдеттің бәрі осы шақта бойға сіңіп, бірте-бірте қалыпты мінез бен үйреншікті дағдыға айналады. Сөйте келе адамның келешек өмірінің іргетасы қаланады. Сондықтан да, адамның жастық шағына қарап-ақ, болашақта кім болатынын болжауға болады.

Сонымен қатар, адам өмірінің ең бір сындарлы кезеңі де осы жастық шақ екені белгілі. Өйткені, бұл кез балалықты артта қалдырып, жауапкершілігі мен ауырталығы мол ересек өмірге аяқ басатын өтпелі кезең. Жеке адам немесе қоғам өміріндегі, тіпті, білдей бір мемлекет тарихындағы өтпелі кезеңдердің кімнен болмасын ерекше күш-жігер мен зор жауапкершілік талап ететін қиын кезеңдер екені белгілі. Сондықтан жастар қауымына осынау сындарлы кезеңнен аман-есен өтуі үшін барынша қолдау көрсетіп, дұрыс жол сілтеу өмірлік тәжірибесі мол аға буынның қашан да басты міндеті болып табылады. Бүгінгі жас ұрпақтың осыдан жиырма, отыз, ары кетсе қырық жылдан кейін ел тізгінін ұстайтын аға буынға айналды сөзсіз. Сол себепті, ертеңін ойлаған есті ел өскелең ұрпақтың талабын ескере отырып, жалынды жастардың еркін самғауына жағдай жасауға ұмтылады. Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өз жолдауында 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауы осындай көрегенділік пен үлкен парасаттылықтың айғағы деп білемін.

**Менслу МАКСИМОВА,**  
Фил-43 топ студенті

сферах жизни людей, их проблем и выстроил логическую цепочку их поэтапного решения.

**Динара ТАЖГУЛОВА,**  
преподаватель кафедры педагогики  
ЗКГУ им.М.Утемисова



# ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫС ОЗДЫРЫЛДЫ

2019 жылдың 4 наурызында БҚМУ профессор оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық шарасы өтті.

Шараның мақсаты: отбасында салауатты өмір салтын насихаттау. Жарыс қорытындысында жүлделі I орынды жаратылыстану-география факультетінің тобы, II орынды тарих, экономика және құқық факультетінің тобы, III орынды филология факультетінің тобы иеленді.

Салауатты өмір салты орталығы, дене тәрбиесі кафедрасы, БҚМУ бастауыш кәсіподақ ұйымы бірлесе ұйымдастырған шара соңында жүлдегер атанған отбасыларға дипломдар мен сыйлықтар табысталды.



## Ұлттық ойын - ұлт игілігі

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесіне арналған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері арасында арқан тарту, асық ату және қол күресі сынды ұлттық спорт түрлерінен мерекелік спорттық шара өткізілді.

Шараның мақсаты Наурыз мерекесінің жоғары деңгейде өтуіне атсалысу және ұлттық спорт түрлерін дамыту мен насихаттау. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруда ұлттық спортты насихаттау арқылы үлес қосу. Жарысты ұйымдастырған салауатты өмір салты орталығы мен дене тәрбиесі кафедрасының ұжымы. Арқан тарту спорты бойынша 1-орынды жаратылыстану-география факультеті, 2-орынды тарих, экономика және құқық факультеті, 3-орынды педагогика факультеті иеленсе, асық ату бойынша 1-орын филология, 2-орын тарих, экономика және құқық факультеті, 3-орын жаратылыстану-география факультеті иеленді. Қол күресі бойынша 70 келі салмаққа дейінгі

қыздар арасында 1-орын Артаева Мадина (жаратылыстану-география факультеті), 2-орын Утегенова Айкөркем (тарих, экономика және құқық факультеті), 3-орын Нурумова Диана (жаратылыстану-география факультеті), ұлдар арасында 1-орынды Қадыржанов Нұрбол (жаратылыстану-география факультеті), 2-орынды Көптілеу Қадырқожа, 3-орынды Азат Ерасыл (физика математика факультеті) иеленді. Қол күресінен 70 келі салмақтан жоғарылар арасында 1-орын Кенаков Арманға (педагогика факультеті), 2-орын Ерешұлы Ертарғынға (жаратылыстану-география факультеті), 3-орын Оразалы Сұлтанбекке (физика-математика факультеті) бұйырды. Барлық жеңімпаздар алғыс хаттармен марапатталды.

М.Өтемісов атындағы  
БҚМУ-нің сенім  
телефоны  
50-41-51



Телефон доверия  
ЗКГУ им.М.Утемисова  
50-41-51

## Халыққа хайырлы ұтымды ұйғарым



Орал қаласы бойынша 2019 жылдың 2 наурыз күні су тасқынына күрес шаралары аясында өткен жалпы қалалық сенбілікке орай М. Өтемісов атындағы БҚМУ басшылығы мен профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен студенттері университет ғимараттарының аулаларындағы, шатырларындағы, жақын маңдағы арықтардағы қарды тазалауға үлес қосуда.

Оқу орнының бас ғимаратынан басталған қарды тазалау жұмыстары барлық оқу ғимараттары мен студенттер жатақханалары және спорттық алаң аймағын тазалаумен жалғасқан сенбілікке 500-ге жуық адам қатысты. Бұл қыс мезгілінде қардың аса көп мөлшермен түсуіне байланысты, қаламыздағы су тасқынының қаупі сейілгенше, барлық мекеме ұжымдары қаланы қардан тазалау жұмыстарына атсалысу қажет деп тапқан білім ордасының ұжымы мен студенттері сенбілік жұмысын үлкен жауапкершілікпен бірлікте атқарып шықты.

Университетіміздің Дәстүрлі музыка өнері мамандығының студенті Байғұтты Қайрат Ақтөбе қаласында өткен «Таланттар әлемі» атты халықаралық байқауға қатысып, жүлделі бірінші орынға ие болды. Құттықтаймыз!

Өл - Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде Әлеуметтану мамандығы бойынша XI Республикалық олимпиадасынан «Рухани батыс» командасы, топ капитаны 3 курс әлеуметтану мамандығының студенті Кенжетайқызы Ажар, 3курс студенті Батырханқызы Айкөркем және 1курс Кырқбаева Алтыншаш 3 орын иегерлері атанды. Жетекшісі – Жадыра Калиева. Студенттеріміз бен жетекшісінен жеңістерімен құттықтаймыз!

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

### МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы  
Батыс Қазақстан мемлекеттік  
университеті.  
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

### РЕДАКТОР:

Айзада ДЮСЕНОВА

### ТІЛШІЛЕР:

Сая ДҮЙСЕНБАЙ,  
Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА,  
Айша КЕМЕШОВА, Амандық САРСЕНҒАЛИЕВ

Корректор: Айзада ДЮСЕНОВА

### БЕТ ҚУРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

### ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.  
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.  
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.  
Тел.:50-41-46